Элективті пәндер каталогы

1. Кафедра: «Клиникалық пәндер»
2. Білім беру деңгейі: колледж
3. Білім бағдарламалары: «Акушерлік іс» білім беру бағдарламасы
4. Курс, оқу семестрі: 2 курс, 3 семестр
5. Элективті пән атауы: «Балалар гинекологиясы»
6. Кредит саны (5 кредиттен кем емес): Оқу сағатының көлемі /кредиттің/: 96 сағат (1 кредит)
7. Мақсаты: Балаларға гинекологиялық көмек көрсететін жүйенің дұрыс дамуын, диагностикалық тексеруді, емдеу мен консультациялық көмекті бақылауды жүзеге асыру.
8. Міндеттері:
   Гинекологиялық аурулары бар науқастарды диагностикалау және бақылау, алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету және кең таралған гинекологиялық патологиялардың, соның ішінде қыздарда алдын-алу бойынша құзыреттіліктерін қалыптастыру; гинекологияда
   қолданылатын тәжірибелік дағдылардың негізін қалыптастыру. Гинекологиялық патологиясы бар науқастарға кеңес беруде және де тұлғааралық қатынаста коммуникативті дағдыларды жақсарту.
9. Пән мазмұны (30-50 сөз):
   Қыздар мен жасөспірімдерге гинекологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру қағидалары. Балалар мен жасөспірімдердегі гинекологиялық ауруларды анықтау мақсатында қолданылатын тексеру
   әдістері. Әйелдердің жыныс жүйесінің дамуы. Жыныстық жетілу мен етеккір циклының физиологиясы мен патологиясы. Ювенильды жатырдан қан кету. Қыздардың жыныс мүшелерінің қабыну аурулары. Әйел жыныс мүшелерінің даму ақаулары. Жыныстық жетілудің бұзылыстары.Қыздар мен жасөспірімдерді жыныстық тәрбиелеу. Жасөспірімдер контрацепциясы.;

10. Пәнді таңдау негіздері: «Балалар гинекологиясы» пәні «акушер» мамандығын қалыптастыруда және бітірушілердің арнайы дайындығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

11.Оқыту нәтижелері (Дублин дескрипторларына сәйкес 4-6 оқыту нәтижелері)

- Жалпы және қыз балалар гинекологиясы пәні және міндеттерін білетіндігін көрсетеді.
- Дәлелді медицина ұстанымдары негізінде гинекологиялық науқастарды, соның ішінде қыз балдарда диагностикалауды, емдеуді, асқынулардың алдын-алуды және де сауықтыру шараларын жүргізе алады.
- Алынған білімді қыздардағы этиопатогенездің ерекшеліктерін, клиникалық көрінісін, асқынуларын және олардың сипаттамаларын түсіну және білікті медициналық көмек көрсету үшін қолданады.
- Әр түрлі гинекологиялық жағдайларда қыздармен қарым-қатынас кезінде коммуникативті дағдыларды көрсетеді.
- Гинекологиялық науқастарды жүргізгенде қыздардағы гинекологиялық ауруларды диагностикалау және емдеу клиникалық хаттамаларын қолданады.

1) Білімі мен түсінігі:

- Қазақстан Республикасында балалар гинекологиясы қызметін ұйымдастыруды,гинекологиялық аурулары бар және 18 жасқа дейінгі ұрпақты болу жүйесінің қалыптасуы бұзылған қыздарға кеңестік-диагностикалық және емдік көмек

көрсетуді білетінін, гинекологиялық аурулары бар қыздарды диагностикалауда УДЗ, МРТ, ЭКГ, ЭЭГ әдістерін қолдануды демонстрациялайды.

2) Білімі мен түсінігін қолдана білу:

- Жасөспірім қыздарға акушерлік-гинекологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыруды, есепке алу-есеп беру құжаттамасын жүргізу дағдыларын, қыздың репродуктивті жүйесінің анатомиясы және физиологиясын игере алады;
- Гинекологиялық аурулары бар және ұрпақты болу жүйесінің қалыптасуы бұзылған қыздар мен жасөспірімдерді жүргізудің диагностикасы мен жүргізуін игере алады.

3) Дәйектемелер құрастыру:

- Балалар гинекологиясы саласындағы кәсіби қызмет үшін қажетті жаңа білім алу, ақпаратты іздеу және талдау дағдыларын талдай алады.

4) Коммуникативтік қабілеті:

-18 жасқа дейінгі репродуктивті жүйесінің қалыптасуы бұзылған қыздарға кеңестік-диагностикалық және жоспарлауды жүргізу туралы білімдері мен дағдыларын көрсетеді.

5) Оқыту дағдылары немесе оқуға қабілеті:

-Анықтамалық және ғылыми акушерлік-гинекологиялық әдебиеттерді, электрондық базаларын қолдануды және компьютерлік оқыту бағдарламаларын кәсіптік қызмет аумағында пайдалана білетінін демонстрациялайды.

12.Пререквизиттер:Анатомия және физиология.

13.Постреквизиттер:Акушерия және гинекология.

14.Әдебиет (соңғы 10 жыл):

Қазақ тілінде:

негізгі:

1. Клиникалық ұсыныстар. Акушерлік және гинекология [Электрондық ресурс]: оқулық. - 4-ші басылым., өңделген. және қосымша. - Электрон.текстовые дан. (45,7 Мб). - М.: ГЭОТАР-Медиа, 2017.
2. Акушерлік және гинекологиядағы амбулаториялық-емханалық көмек туралы Нұсқаулық [Электрондық ресурс]: оқулық / ред. В. Н. Серова.- Электронды мәтін (48,8 Мб). - М.: ГЭОТАР-Медиа, 2017.
3. Э. к. Айламазян акушерлік жедел жәрдем [Электрондық ресурс]: дәрігерлерге арналған нұсқаулық / э. к. Айламазян. - 5-ші басылым., өңделген және қосымша. - Электрон.текстовые дан. (43,1 Мб). - М.: ГЭОТАР-Медиа, 2017.
4. Каптильный, В. А. Акушерлік және гинекология. Фантом курсы бар тәжірибелік дағдылар[Электрондық ресурс]: оқулық / В. А. Каптильный, М.в. Беришвили, а. в. Мурашко. – Электронды мәтін(287Мб). - М.: ГЭОТАР-Медиа, 2017.
5. Акушерлік қан кету [Электрондық ресурс]: оқу құралы / С. Н. Кулбаева [және т.б.]. – Электронды мәтін (818Кб). - Шымкент: ОҚМФА, 2016. – 95с.

Орыс тілінде:

Негізгі:

1. Акушерство; Рук.к практ.занятиям; учеб.пособие /М.В. Дзигуа,А.А. Скребушевская.-М.; ГЭОТАР- Медиа, 2014.
2. Бодяжина И.И. Акушерство: учебник 1,2,3 том.- Эверо, 2015.
3. Дудник Е. В. Послеродовые гнойно-септические заболевания: учебное пособие / Е. В. Дудник. - 2-е изд. - Астана: ИП "Ақнұр", 2019. - 150 с.
4. Мамедалиева Н. М. Невынашивание беременности инфекционного генеза (этиология, диагностика, тактика ведения): учебное пособие / Н. М. Мамедалиева, С. Ш. Исенова. - 2-е изд. доп. - Алматы : ИП "Ақнұр", 2019. - 168 с.
5. Акушерство; национальное рук. – под.ред.Э.К.Айламазяна .-М.- ГЭОТАР-Медиа, 2011.